

Қымбат ота – тегін
2-бет

Қазақтың «майқапшығы» қандай мал?
6-бет

Арқаның қысы оралады
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 21 ЖЕЛТОҚСАН, 2023 ЖЫЛ №142 (23 318)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

ӨЗЕКТІ

Алпауыт кәсіпорын өзгерістер алдында

Жұмыс сапарымен облысқа келген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр аймақ басшысы Ермаганбет Бөлекпаевпен бірге Qazmet-ті жаңғырту жоспарларымен танысты. Себебі, бұдан былай кәсіпорынның тағдырына тікелей жауапты ұлттық инвестор Андрей Лаврентьев Qazmet-ті сатып алғаннан кейін қысқа мерзім ішінде бірқатар шараларды атқаруға уәде берген еді. Олардың қатарында жұмыс барысында ұжымдық келісімшарт пен кәсіпорын жұмысшыларының еңбекақысын төлеу жүйесінің сақталуын, өндіріс орнының қауіпсіздігін және экологиялық ахуалын одан әрі жақсарту бар. Одан бөлек, өндірісті жаңғырту және қайта ұйымдастыру, шығарылатын өнім көлемін, номенклатурасын және түрлерін ұлғайту да бар. Тіпті, болашақта қанша қаржы құятынын да айтты инвестор. Андрей Лаврентьев уәде еткен 3 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі инвестицияның 2,3 млрд. доллары келесі жылдың енісінде.

сенім жүктегенін атап өтіп, өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарын арттыруда барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

Естеріңізде сала кетейік, келісімшарт бойынша кәсіпкер Андрей Лаврентьев «АрселорМиттал Теміртау» активтерін 286 млн. АҚШ долларына сатып алған. Одан бөлек жыл сайын 4 рет тең жарнамен

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу басында Роман Скляр «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының лауреаттарын марапаттау рәсімінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қарағанды металлургия комбинатының қазақстандық компания меншігіне өту мәселесінің сәтті аяқталғанын атап өткеніне тоқталды.

– Сонымен бірге, Мемлекет басшысы кәсіпорынның одан әрі тағдыры үшін Qazmet пен Үкіметтің жауапкершілік дәрежесі туралы нақты түсінік берді. Тапсырманы орындау үшін бүгін біз дамудың ең оңтайлы жолдарын бірлесіп, зерттеп жатырмыз, – деді Роман Скляр.

Марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы жаңа меншік иесіне сұраныс жоғары болатынын ескерткен.

– Менің тапсырмам бойынша Қарағанды металлургия комбинатының қазақстандық компанияның меншігіне өту мәселесі ойдағыдай шешілді. Енді Үкіметтің міндеті – оған, әсіресе, жұмыстың бастапқы кезеңінде көмек көрсету. Содан кейін жаңа меншік иесінен сұраныс өте қатал болады, – деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Т.Күзембаев атындағы шахтада болған делегацияға атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Оның қатарында жерасты позициялау және радиобайланыс жүйесі бар. Аталған жүйе бұл күні барлық нысандарға енгізілген.

Жүйенің көмегімен диспетчер шахта ішіндегі персоналдың орналасқан жерін және қозғалысын бақылайды. Бұл жағдайды дұрыс бағалауға және қажет болған жағдайда қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Мәселен, 2008 жылғы 11 қаңтарда «Абай» шахтасында болған апаттан 30



көпші қаза тапты. Сол уақытта 9 адамның мәйітін ғана жер үстіне шығаруға мүмкіндік туған. Себебі – дәл осы позициялау жүйесінің жоқтығы. Кеншілер көз жұмды деген жерге бүгінде ескерткіш орнатылды. Сапар барысында Qazmet басшылығы

шахталар мен комбинатты техникалық жарактандырудағы күрделі проблемалар, сондай-ақ, заманауи өндірістік технологияларды енгізу перспективалары туралы баяндады. Кездесуді қорытындылай келе, Роман Скляр Үкімет тарапынан жоғары

450 млн. АҚШ доллары мөлшерінде кейінге қалдырылған кепілді төлемді төлейді. Сонымен қатар, келісім жабылған кезде «АрселорМиттал Теміртаудың» өтелмеген топшілік қарызы ретінде 250 млн. АҚШ долларын өтейді.

МАРАПАТ

Алтын шипагер арамызда

Тәуелсіздік күні қарсаңында медицина қызметкерлері үшін жылдың басты оқиғасы – «ALTYN SHIPAGER» Ұлттық медициналық сыйлығы табысталды. Үздік деп танылған дәрігерлер, ғалымдар, оқытушылар, провизорлар, мейіргерлер грамоталармен, сертификаттармен марапатталды. Оза шыққандар арасында қарағандылық дәрігер де бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірқатар аталымдар арасында «Стационардың үздік дәрігері» номинациясы бойынша Қарағанды қаласының №2 көпбейінді ауруханасының ангиохирург дәрігері Қалқаман Сұлтанов жеңімпаз атанды. Сертификатты Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова табыс етті.

Сонымен қатар, Қарағанды медицина университеті ғылыми-зерттеу зертханасының аға ғылыми қызметкері Ирина Қадырова «Денсаулық сақтаудағы үздік жас зерттеуші» аталымында үздік деп танылды. Шарада Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният жүйе жетістіктеріне тоқталды.

– Биыл ел емханалары науқастарға 300 млн-нан астам консультациялық-диагностикалық қызмет көрсеткен. Оның ішінде, қымбат диагностикалық қызметтер бар. Бүгінгі таңда медициналық-санитариялық алғашқы көмекті 110 мыңнан астам медицина қызметкері көрсетеді, 34 мың дәрігер бар. Олардың еңбегі зор, – деп атап өтті ведомство басшысы.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу жүріп жатыр.

Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5827,65	5891,70
		12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай	3079,65	3083,70
		12 ай	6159,30	6167,40

Анықтама телефоны:

41-26-85,
8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Озбырлық опық жегізеді

Күйеуі әйелін ұрмайтын қоғам орнамай тұр Қазақстанда. Күнде таяққа жығып, көгала қойдай қылған «боксер» күйеулерге «майып қылмай, өлтіріп тастамай, әйеліңді ұрып қана қойғаныңа шүкір, айналайын!» деп басынан сипайтын күйге жеткенбіз қазір. Оған әйелдің де еті өліп кеткен. Өліп кеткені сонша, өзінің кеудесінде жаны бар екенін көрсеткісі келгені бала-шағасын шұбыртып, дағдарыс орталығына қашып барып, ашуы тарқаған сон қайтып оралады. Енді бірі көзінің жасын бір сығып алып, көгерген көзі мен денесіндегі жаракатын жасырып, түк болмағандай жүре береді. Бірақ, ауруын жасырғанның өлетіні тағы бар. Оны айтпау, көзге шұқып көрсетпеу – бүгінгідей жағдайға жеткізді.

Осыған байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 8 желтоқсанда жариялаған қаулысына сай, 2024 жылдың қаңтарында Үкіметке тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қатысты заңнаманы қатаңдату бойынша заң жобасын дайындауды тапсырды. Одан бөлек, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әлеуметтік-психологиялық түзету практикасы да енгізілмек.


Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Психологиялық сілеу» синдромына жол жоқ

Статистикалық деректер елімізде бір жылда жүзге тарта әйел күйеуінің қолынан қаза табатынын көрсетіп отыр. Ал, мүгедек болғаны ше?! Әйел ұруды үйреншікті әдетке айналдырып, жүгенсіз, тыносыз кеткендерге бір тосқауыл қоймаса, әлімжеттіктен көз аспаған сорлы шешесінің азапқа толы өмірінен басқа мінез-құлық моделін көрмей өскен отбасындағы баланың да ертеңі жарқын болары екіталай екенін психологтар да айтып бағуда.

Ал, қайғылы жағдайға ұшырағандар неғұрлым көбейген сайын, қоғам да соғұрлым оған мән беруді азайтады. Бұған белгілі психолог Пол Словик «психологиялық сілеу» синдромы деп ат берген екен. Осыған дейін мамандар отбасындағы кикілжіңнің себебі әр алуан екенін айтып келген еді. Оған қызғаныш, ішімдік ішу, өзге де тұрмыстық түйткілдер себеп. Қаржылық жағдайдың да үйдегі жайлы тіршілікке тікелей әсері бар. Бірақ, соңғы жайттар әйелге қол көтерудің тұқияны бұлар ғана емес екенін көрсетті.

➤ 4-бет



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР



Коллаж жасаған М.Өлкенова

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 501.10

•USD/KZT 458.00

•RUB/KZT 5.08

•CNY/KZT 64.13

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 желтоқсан, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ДЕНСАУЛЫҚ

Қымбат ота — тегін

Балалардағы фармакорезистентті эпилепсия — жүйке жүйесі ауруларының кең тараған түрі. Қазіргі уақытта бұл дертке қарсы емнің жаңа түрлері қолданылады. Оның ішінде, препараттар, стимуляторлар, арнайы диета да әзірленді. Алайда, эпилепсияның дәріге басылмайтын түрі болса, дәрігерлер арнайы операциялар жасайды. Биыл облыстық балалар клиникалық ауруханасында осындай 10 ота жасалды. Оның әрқайсының құны 10 миллион теңгеге жуық.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезбе жүйкесіне стимулятор қою — ең күрделі операцияның бірі. Мұндай отаны облыстық клиникалық балалар ауруханасы дәрігерлері 2020 жылдан бастап жасап келеді. Стимулятор 5 жылға орнатылады, одан кейін батареяны ауыстыру қажет.

— Операция барысында екі

балаға ота жасадық. Жоспарлы отаның құны 9,5 млн. теңгеден асады. Оны әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді. Бұл — ата-аналарға қаржылық көмек қана емес, науқас балалардың қалыпты өмір сүруі үшін үлкен қолдау.

Стимулятор орнатылған алғашқы пациенттердің бірі 14 жастағы қарағандылық болды. Ол екі жасынан эпилепсиямен



Сурет облыстық әзімдік сыйлығын алады

тілік жасалады. Біреуінен кезбе жүйкесі шығарылып, отан арнайы электрод жалғанады. Ол екінші тілікке дейін созылып, кеуде қуысына бекітіледі. Сосын терінің астына аппарат салынады. Ота кезінде оның жұмысы тексеріледі, — дейді аурухананың нейрохирург дәрігер Руслан Хатуев.

Дәрігердің айтуынша, мұндай операциялардың қолға алынғанына бірнеше жыл болған.

— Біздің ауруханада мұндай операциялар 2020 жылы жасала басталды, — дейді ол. — 2021 жылы төрт науқасқа, одан кейінгі жылы алты балаға, биыл он

ауырған. Дәрі-дәрмекпен жүргізілген ем де тапманы баса алмаған. Қыздың анасының айтуынша, эпилепсиялық ұстама тәулігіне 90 ретке дейін қайталанған сәттері болған екен.

— Қызыма аппарат қойылғаннан бері екі жылдан астам уақыт өтті. Қазір ол өзін жақсы сезінеді. Операциядан кейін 8 айдан кейін баланың белсенділігінің артқанын, есте сақтауы мен сабақ үлгерімі жақсарғанын аңғардық. Құрылығы оны мүлдем мазаламайды. Операцияға дейін бір айдай тексерілдік. Стимулятор қойғанмызға еш өкінбейміз, — дейді жас науқастың анасы.

Өңірдің өңі кіреді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск қаласының тұрғындарымен бұған дейін де кездесу өткізген. Бұл — өңір жұртшылығымен екінші жүздесу. Онда түрлі түйткілді мәселелер көтеріліп, соның 94-і бақылауға алынды. Атап айтсақ, оның 67-сі өз шешімін тапқан.

Қала тұрғындары негізінен, Шахтинск қаласын абаттандыру мәселелеріне алаңдаушылық танытып отыр.

Бұл бағытта жұмыстар сатылап атқарылып жатыр. Мәселен, Абай Құнанбаев даңғылында орналасқан — «Элис» СҮ-нен «Юность» кафеесіне дейін жаяу жүргінші жолы жөнделіп, маңайы абаттандырылған.

Жұмысшылар Н.Әбдіров көшесіндегі шамдарды ауыстырып, Жданов және Пархоменко көшелеріне 40 жарықтандыру тірегі орнатыпты. Ал, Молодёжная көшесінде нөсер көрізі жұмыс істеп тұр.

Будан бөлек, қала аумағына кіретін Доинка кентіне апарар жолдың бұрылысындағы бағдаршамның жанын абаттандыру, Абай Құнанбаев даңғылындағы автокөлік жолын жөндеу және Қарағанды-Есенгелді автожолын кеңейту аяқталғанын айта кеткен жөн.

Сонымен қатар, тұрғындар №3 автопаркке қызмет көрсете



Сурет облыстық әзімдік сыйлығын алады

ретін №127 маршруттың кестесіне шағымданды. Мәселе қарастырылып, екі автобус жаңартылған.

Тұрғын үй мәселесі бірнеше рет көтерілді. Өтініш беруші-

лердің бірі ұзақ жылдан бері кезекте тұрған зейнеткер екен. Биыл зейнеткерге жаңа үйдегі пәтердің кілті берілді. Аталған үй «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша ке-

зекте тұрғандар үшін салынған. Кезесуде проблемалардың шешімін табуда жұмыстардың жалғасатыны тілге тиек етілді.

Өз тілшімізден

• ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Qarmet көлік тарту етті

Биыл аймақта айтарлықтай жаңалықтар орын алуда. Соның бірі — кеше ғана Теміртау қаласында облыстық құқық қорғау органдары мен медицина қызметкерлеріне арнайы көліктердің табысталды. Аталған жаңа техникалар облыс орталығынан бастап, серіктес Теміртау, Саран, Шахтинск және Абай қалаларына да берілді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Дәл қазір біз тарихи сәтті бастан өткерудеміз. Тәртіп қамтамасыз етумен науқас жанына араша түсу — бұл қоғамның дамуына септігі мол мызғымас құрал қашан да. Аймағымызға өзінің әлеуметтік бағдарламасы бар жаңа инвестиция келді. Енді, міне, халықтың игілігіне еңбек етер жандарға арнайы көліктер беріліп отыр. Металлургия комбинаты аймақтың әлеуметтік-экономикалық өмірін-

де ерекше орын алатыны қуантады, — деді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын.

Су жаңа автокөліктер — Qarmet компаниясының аймақ қызметкерлеріне тартқан сыйы. Полиция қызметіне 10 және жедел жәрдем қызметі үшін 5 көлік берілді. Көліктер — Chevrolet және JAC маркалы. Олар толығымен заманауи құрылғылармен жабдықталған.

— Қауіпсіздік мәселесі қарағандылықтар үшін бірінші орында тұруы тиіс. Бұл тек комбинатқа



Сурет облыстық әзімдік сыйлығын алады

немесе шахталарға ғана қатысты емес, қала ішіндегі қауіпсіздіктің де маңы зор. Аз да болса, біздің қосып жатқан үлесіміз осынау қала

халқының, оның ішінде, елге қызмет еткен жандарға пайдалы болды деп үміттенеміз, — деді Qarmet бас директоры Вадим Басин.

• РЕСМИ

Қоныстойлар көбейеді

Қарағанды облысында тұрғын үй құрылысы қарқынды екені баршаға аян. Облыс орталығында ғана емес, моноқалалар мен аудандарда да тұрғынүйлер салынууда. Осы уақытқа дейін әлеуметтік қорғалатын санаттағы 900-ге жуық отбасы жаңа баспанаға ие болды. Жыл соңына дейін Осакаров және Нұра аудандарында тағы бірнеше екібасты үйлер қолданысқа берілмек.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету — өңірдегі басым міндеттердің бірі.

Облыста 400 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қарағанды, Шахтинск, Абай, Балқаш, Қарқаралы қалалары, Шет ауданы Ақадыр кентінде тұрғын

үй кезегінде тұрғандарға арналған жаңа үйлер салынды.

Сонымен қатар, барлық қалалар мен аудандарда кезекте тұрғандар үшін жалға берілетін пәтерлер сатып алынады. Биылғы жыл қорытындысы бойынша Бұқар жырау ауданы, Теміртау және Саран қалалары тұрғын үй сатып алу бойынша көшбасшылар үштігіне енді.

Тұрғын үй мәселесін шешуге жас отбасыларға, жастарға, сондай-ақ, кеншілер мен металлургияға арналған жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар да септігін тигізуде.

Қар тазалау қарқынды

Соңғы екі күнде жауған қар шаңы шығып жатқан қала көшелерін әжептәуір басып қалды. Яғни, жаяу жүргіншілермен қатар, автокөлік жүргізушілеріне де ыңғайсыздық тудырды. Бірақ, коммуналдық қызмет өкілдері қарап қалған жоқ.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала көшелері мен автожолдарындағы қарды 200-ден астам техника тазартуда. Одан бөлек, қаланы қардан тазалауға 250-ден астам жұмысшы жү-

мылдырылған.

Құзырлы органның мәліметінше, бірінші кезекте қоғамдық көліктің кедергісіз өтуін қамтамасыз ету үшін негізгі магистральдар тазартылады. Сондай-ақ, жаяу жүргінші мен кіреберістерде жұмыстар күшейтілді.

• «QARAGANDY JASTARY»

Жастар сыйлығы табысталды

«Жас келсе, іске» демекші, жастар — қашан да қоғамның қозғаушы күші. Оларды ынталандыру мақсатында қарағандылық белсенді жастарға дәстүрлі қала әкімінің «Qaragandy Jastary» сыйлығы табысталды. Аталған сыйлық 14 пен 35 жас аралығындағы қала тұрғындарына жастар арасында танымал болған ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметі үшін берілетінін айта кету керек.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл байқауға қатысуға 57 үміткер өтінім берген. Ал, сыйақы — 300 мың теңге.

— Екі жылдан бері жеңімпаздарды анықтаған кезде баллдык жүйені қолданып келеміз. Бұрын олар дауыс беру арқылы таңдалды. Бірақ, көптеген дау туындап, түрлі пікір айтылып, талқыға түскен. Биыл әр номинация бойынша бағалау парақтары жасалды. Сонымен қатар, биыл тағы бір шартты қостық. Яғни, әр үміткер өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында осы сыйлыққа неге лайық екендігі туралы бейнежазба жариялауы керек болды, — деді Қарағанды Жастар ресурстық ор-

талығының директоры Якуб Джамалов.

Атап айтсақ, биылғы Қарағанды қаласы әкімі сыйлығының «Жас ерікті» аталымына облыс-

тың Кәсіподақ орталығының жастар жөніндегі бас маманы, «Келешек» жастар кеңесінің төрағасы Аймира Бағрамова, «Жас педагог» номинациясына Н.Нұрмаков атындағы мамандандырылған мектеп-интернат-лицейі тарих пәнінің мұғалімі Әсем Тарыбаева ие болды.

«Жас спортшы» аталымы армрестлингтен Әлемнің, Азияның және Қазақстанның үш дүркін чемпионы Никита Ермаковке, «Жас дәрігер» номинациясы Қарағанды медицина университеті отбасылық медицина бағыты бойынша резидент Аманжол Әбдірахмановқа, «Жас жұмысшы» аталымы «Make» ЖШС Қарағанды қуо зауытының 3 разрядты фрезерлеушісі Нұрғазы Абзалбекке, «Жас Отан қорғаушы» номинациясы Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы тарихи-ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері Құлынтай Монайға, «Мәдени-әлеуметтік дамуға қосқан үлесі үшін» аталымы шертпе-күйі шебері, Тәттімбет атындағы өнер колледжі домбыра сыныбының оқытушысы Мадияр Сүлейменовке бұйырды.

«Жас спортшы» номинациясының жеңімпазы Никита Ермаков бала кезінен спортпен айналысатынын айтады. Жарақат алғанға дейін ол кикбоксингпен айналысыпты. Қазір — параармрестлинг спортымен шұғылданады. Бұдан бөлек, денсаулығына байланысты шектеулері бар балалар мен ересектерді жаттықтырады.

— Біздің залға балаларға арналған оңалту тренажері қажет. Сондықтан, қатысуға шешім қабылдадық. Параармрестлинг бойынша үш жыл ішінде үш Әлем чемпионатында жеңіске жеттім. Қазір мүмкіндігі шектеулі балаларды, жарақаттан кейінгі адамдарды, сондай-ақ, қарапайым балаларды жаттықтырамын. Қалалық, облыстық турнирлерді өткізуге атсалысамын. Аймағымызда өз спортымыз барынша дамытуға тырысып жүрмін. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдармен жұмыс істеу бойынша да оқудан өттім. Тіпті, арбадан тұрып кеткендер де бар, — дейді армрестлингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Никита Ермаков.



Сурет облыстық әзімдік сыйлығын алады

ЭКОНОМИКА

Нарық нарқы нәтижелі

Міне, 2023 жыл да аяқталуға жақын. Осы кезеңнің қорытындысын шығарып, тарих бетінде қатталып қалатын нақты нәтижеге мән беріп өткенді құп көрдік.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Primeminister.kz редакциясы ұсынған материалдар топтамасына сүйенсек, Қазақстан жаһан бедеріндегі ауыспалы сыртқы сын-қатерлерге лайықты төтеп бере отырып, өзінің стратегиялық мақсат-мүддесіне жету жолын сәтті жалғастырып келеді. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауалды бағдарламасында, Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында белгіленген ауқымды реформаларды кезең-кезеңімен іске асыру жалғасын табады. Жаңа заңнамалық нормалар күшіне енді, бірқатар ірі мемлекеттік бастамаларды, соның ішінде «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын іске асыру басталды. Өз кезегінде Үкімет дағдарысқа қарсы шараларды қолға алып алды. Бұл сыртқы экономикалық факторлардың әсерін анағұрлым төмендетіп, алдағы кезеңге экономикалық дамудың негізін берік қалауға септігін тигізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет алдына ұлттық экономика көлемін екі есе-

2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАЯУЛАУЫ

11 айдағы экономикалық өсім 4,9% ҚАРАШАДА ИНФЛЯЦИЯ 10,3%-ҒА ДЕЙІН БАЯУЛАДЫ

ШЕТЕЛДІК ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР:

6 айға \$13,3 млрд, жылдық жоспар – \$27 млрд

210 жаңа инвестициялық жоба іске қосылды

967,7 млрд теңге

19,5 мың жұмыс орны

Жылдық жоспар

Құны 1,6 трлн теңгеге құрайтын инвестициялық жоба

291

10 мың артық бизнес талаптары алынып тасталды

ШОБ-ты қолдау 209 млрд 288 млрд теңге

ШОБ өнімін шығару 6 айда 29 трлн теңге

ШОБ саласында жұмыспен қамтылғандар 4,3 млн адам 500 мың адам

ЕЛДІҢ ЖІӨ-ДЕГІ ШОБ ҮЛЕСІ 36,4%-ҒА ЖЕТТІ.



Суреттер ресми деректерден

құруға мүмкіндік берді. Жалпы, жыл қорытындысы бойынша 1,6 трлн. теңгеге 291 жоба ел игілігіне қызмет етеді деп күтілуде.

Машина жасау өндірісіне келсек, 26,8% – рекордтық қарқынды көреміз. Бұл ретте автомобиль жасау әрі электр жабдықтарын өндіру салаларындағы көрсеткіштер одан да жоғары. Биыл Қазақстан 65 млрд. АҚШ долларына тең өнім экспорттады. Ал, өңделген тауар экспорты 21 млрд. долларға жетті. Мұны жаһандағы ресми рейтинг қызметтері де растайды. Мәселен, IMD әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан өткен жылмен салыстырғанда алты тармаққа көтеріліп, әлемнің 64 елінің ішінен 37-орынға жайғасқан. Рейтингті дайындау үдерісінде экономикалық қызмет, Үкіметтің тиімділігі, бизнес пен инфрақұрылымның өміршеңдігі сияқты бағыттар бойынша кешенді зерттеу жүргізген. Искерлік ахуалды, бизнесі жүргізу мүмкіндіктерін жақсарту бойынша соны бастамалар жүзеге асырылды. Осылайша ірі инвесторлармен жеке шарттарда келісімдер жасауға мүмкіндік беретін инвестициялық келісімдер бойынша қосымша тетіктер қарастырылды да енгізілді. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасау кезінде салық заңнамасының тұрақтылығына 10 жылға кепілдік беріледі. Осы

ге арттырып, \$450 млрд-қа дейін жеткізу міндетін қойды. Ол үшін жыл сайынғы тұрақты экономикалық өсімді кем дегенде 6% деңгейінде қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар легі қабылданады. Атап айтқанда, стратегиялық мақсатқа көл жеткізуде өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыру маңызды рөл атқаратын болады.

Қазақстанның 2023 жылғы даму қорытындысы нақында сөз қозғар болсақ, ел экономикасы әлемдік ахуалға бейімделіп, биыл орнықты өсу траекториясына шықты. Қаңтар-қараша айларының қорытындысына үңілесек, экономиканың өсуі 4,9%-ды құрады. Жалпы республика бойынша жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің артуы 11,5 мыңнан 13,3 мың АҚШ долларына өскен.

Жылдық мәндегі инфляция қарашада 2022 жылғы желтоқсандағы 20,3%-дан 10,3%-ға дейін төмендеді. Бұған жедел және орта мерзімді 90 кадамды қамтитын тиісті шаралар кешенін жүзеге асырудың нәтижесінде қол жеткізілді. Алты айдың қорытындысы 13,3 млрд. АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылғанын айғақтады. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Яғни, жақын келешекте экономикалық өсуді қолдауға кепілдік деген сөз бұл. Жыл қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестиция шамамен 27 млрд. доллар деңгейіне жеткізілді. Экономиканың барлық саласында жалпы құны 967,7 млрд. теңгелік 210 жаңа инвестициялық жоба іске қосылды, 19,5 мың жаңа жұмыс орнын

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Инватаксиге сұраныс бар

Қызметтің бұл түрі халыққа бұған дейін тансық болып келгені рас. Әсіресе, өздігінен жүріп-тұра алмайтын жақындары бар жандар үшін таптырмайтын қызмет.

— Анамның жасы сексенде. Екі жыл бұрын аяғынан жүре алмай, төсекке таңылып қалды. Біз қант диабетінен болар, уақыт өте келе оналар деп күттік. Кейін сүйегі сырқырап ауырып, ұйықтаудан қалды. Барлық ағзасын дәрігерлік тексерістен өткізгенде гана ол омыраудың қатерлі ісігіне шалдығып, ауыр сырқаты сүйегіне шапқанын білдік. Сол кеселдің салдарынан анамыз екі жылдан бері аяғын қозғай алмайды. Енді оны мерзімді тексеріске апарып тұру қажет. Мұндайда емханаға жеткізу мұң. Тұрақты тұтынушыға ешқандай жеңілдік жоқ. Мемлекет тарапынан осындай халдегі науқастарға неге көмек көрсетпейді деп талай ойладым. Тіпті, емханадағылардан сұрадым, барлығы нығын қиқаң етіп, ондай мүмкіндік қарастырылмаған деп. Сөйтсем, бар екен! Оны жақында БАҚ-тан оқып, іздегенімді таптым. Бақсам, облыс әкімі өңірдегі әлеуметтік сала басқармасының басшыларына инватаксі қызметін жіті қадағалап, оның пайдалану аясын кеңейтуді тапсырыпты. Жағымды жаңалықты ести сала, жауапты басқармаға қонырау шалдым. Ондағы маман анам мүгедек санатына



кірмегендіктен, инватаксиді пайдалана алмайтынын айтты. Бірақ, мәселені шешудің жолын нұсқады. Енді әрекет ете бастаймын, — дейді Қарағанды қаласының тұрғыны Құлтай Рымбаева.

Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мәліметіне сүйенсек, өңірде 71 инватаксі көлігі бар. Бүгінгі таңда 14 қызмет көрсетуші аймақтағы 11 қала мен аудандағы тұтынушылардың сұранысын өтеп отыр. Алайда, инватаксі жұрт ойлағандай, өздігінен жүре алмайтын науқастардың бәріне бара бермейді.

— Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс» шеңберінде «Ерекше таңдау» корпоративтік қорымен және «Малик» қоғамдық бірлестігімен келісім-шарт жасайды.

түс әлемдік қауымдастықтың республика экономикасына деген сенімін білдіреді. «Қарапайым заттар экономикасы» кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша едәуір шарттары жетілдіріліп, өңдеу өнеркәсібінің қосымша түрлері енгізілді. Мәселен, субсидиялау мерзімі жеті жылға дейін ұзартылған экономиканың 20 негізгі секторының тізбесі анықталды. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін қосымша қолдау шаралары қарастырылды. Нақтыласақ, 10 мыңға жуық басы артық бизнес талаптары алынып тасталды. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағы 1 мың талап алынып тасталмақ. Бұл бағыттағы түрлі тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру жұмысы да тәмам. Бұл келер жылдан бастап кәсіпкерлікті тексеру санын екі есеге қысқартуға мүмкіндік ұсынады. Жүйені пайдалану кезінде адам факторы толығымен алынып тасталады. Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету (субсидиялау және кепілдік беру) жыл сайын барынша артып келеді. Атап айтқанда, бұл мақсатқа «Бәйтерек» холдингі желісі арқылы 2,3 трлн. теңге бөлінді. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау 209 млрд. теңгеден 288 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Экономиканы монополиядан арылту жөніндегі комиссия жұмысы басталғаннан бері республикалық және коммуналдық меншікке 15 компания, 7 ғимарат, 160-тан астам теміржол мен құрылыстар және басқа да мүліктердің (екі мың бірліктен астам) акциялар пакеті мен қатысу үлестері қабылданды. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд. теңге көлемінде қаражат жіберілді. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына шамамен 2 млрд. теңге бағытталды. Жаңадан жекеменшік операторлардың пайда болуына жол бермеудің алдын алу шарасы ретінде Жекеменшік операторлардың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарынан әлеуметтік маңызы бар, оның ішінде стратегиялық маңызды 217 нысан алынып тасталды.

Бұл тұрғыда облыс бизнесті жеңіл жүргізуді қолдаушы рейтингінде ел аумағында екінші орынға табан тіреді. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 12,2%-ға өсті. Бұл – 100 мыңнан астам жаңа салық төлеушілер. Белсенді халықтың жартысы, яғни, өңірдің әрбір екінші тұрғыны шағын және орта бизнесте жұмыс істейді деген сөз. Шағын және орта бизнес өнімін шығару 1,2 трлн. теңгеге жетіп жығылды. Облыс республикада бірінші болып, бөлшек салық мөлшерлемесін екі есе төмендетті. Осының арқасында өзгерістер енгізілген сәттен бастап, салық төлеушілер саны алты есе өсті. 900-ден астам кәсіпкер бизнесті қолдаудың жаңа шарасын пайдаланды.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Тең құқық — тең мүмкіндік

Бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі — гендерлік саясат. Бұл — қоғамдық өмірдің барлық саласында ер мен әйелдің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Облыста Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы аясында ер мен әйелдің теңдігі жобасы іске асырылуда.

ЛЕБІЗ

Алтын көпір

Мен — Үндістан азаматымын. Қазақстанға білім, арман құып, 2020 жылы келдім. Қазір Қарағанды медициналық университетінің 4-ші курс студентімін. Өткен 4 жылға жуық уақыт ішінде мен Қазақстанға және осындағы адамдарға бауыр басып қалдым. Әсіресе, Қарағандының лебі — жылы. Жанға жайлы қала. Қазақстан — Орталық Азиядағы ең бір қызықты мемлекет. Мәде-

нен ажырамаған. Менің бұл халыққа деген құрметім уақыт өткен сайын артып келеді. Осында көрген-білгенімнің арқасында өмірге деген көзқарасым өзгергенін тұла бойыммен сезінемін. Өткенім ұмытқанның болашағы бұлыңғыр дегенді осы елде түсіндім. Қазақ елі өзінің елі, жері үшін ерлік жасаған, қызмет еткен ата-бабасын естен шығармай, доріптеп жүреді екен. Бұл —



ниеті, тарихы өзіне баурап алады. Табиғаты, тіпті, тамаша! Ал, Қарағанды — Қазақстанның жүрегі секілді. Қазақ достарым «елдегі достарың сұраса, қазақтың Арқа дейтін кең жайлауында жүрмін деп айт» дейді. Меніңше, кең жайлау дегеніміз — даланың кеңдігі ғана емес, адамдардың да кеңдігі. Қарағандылықтардың біз секілді алыстан білім іздеп келгендерге деген пейілі кең. Қонақжайлылығы — бір төбе.

Еліңнен шалғайда жүргеннен соң кеуденді кейде сағыныш кернеп, мұңайтынымыз бар. Бірақ, күлкісімен, жағымды әңгімесімен көңіліңді аулаған қазақ достарым жанымда. Біреуді көре алмау, алалау дегенді әлі кездестіргем жоқ. Мұнда бәрине орын жетеді. Сабағыңды оқып, шаруаңмен айналысып, ойыңа-күлің жүресің. Түсіңнен адам бұдан асқан жақсылықты, бақытты таба алмайды.

кербес емес пе?! Жас ұрпақтың тәрбиесіне ауадай қажет.

Қазақстандағы, әсіресе, Қарағандыдағы білім беру тәжірибесі Орталық Азияда алдыңғы қатарда. Осы жерге әлемнің түпкір-түпкірінен білім іздеген мықты, талапты жастар ағылады. Солармен араласудың өзі бір ғанибет. Қазақстан шығыс пен батысты, солтүстік пен оңтүстікті қоспағанда білім алуға қолайлы жағдайға ие. Қазақстан — талапты жастардың мекені. Төрт жылда соған көзім жетті.

Қорытындылай келе, менің Қазақстандағы, әсіресе, Қарағандыдағы өмірім әлем туралы түсінігімді кеңейтті. Қазақстан — Үндістан да жаһан деп аталатын алып мозаиканың ең жарық бөлігі.

Бұл елде мүмкіндік көп. Дамуға бет алған ел, әлбетте, жас ұрпақты, жаңа буынды оқытады. Қазақстанда білім саласы қарқынды дамып келеді. Қазақстан — талапты жастардың мекені. Төрт жылда соған көзім жетті.

Рам Сингх Ядав,
Қарағанды медицина университетінің студенті

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Тең құқық — тең мүмкіндік

Бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі — гендерлік саясат. Бұл — қоғамдық өмірдің барлық саласында ер мен әйелдің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Облыста Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы аясында ер мен әйелдің теңдігі жобасы іске асырылуда.

Биыл осы жоба аясында облыстың ішкі саясат басқармасы тапсырысымен бірқатар жұмыс атқарылауда. Жоба жыл сайын 4 ауданынан кем емес, жақын орналасқан ауылдық елді мекендерді қамти отырып, 2023-2025 жылдар аралығында іске асырылады. Жобаны іске асырушы «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігі.

рағанды облысындағы Осакаровка, Бұқар жырау, Нұра аудандарында және Балқаш, Абай, Саран, Ақтас қалаларында «Отбасылық құндылықтар», «Қаржылық сауаттылық», «Табьсқа жету жолдары» тақырыптарында сондай-ақ, онлайн қатысушыларға арнап саясат, құқық, бизнес және менеджмент бойынша әйелдерге арналған оқыту семинарлары өткізілді.

Жобаның негізгі мақсаты — мемлекеттік қызметшілер мен ҰЕҰ үшін гендерлік теңдік тұжырымдамасын іске асыру. Оқыту курсының ұйымдастыру арқылы гендерлік саясатта «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңдармен реттелетін тұстарын айқындап көрсету.

Шара барысында қыз-келиндерге «Атамекен» палатасымен бірігіп жасалған «Бизнесті қолдау мен таңдау» тақырыбында қазақ және орыс тілдерінде 500 данадан аса әдістемелік құрал таратылды.

Өз ісін бастайтын деген нәзік жандарға арнап YouTube каналында «Әйелдер көшбасшылығы мектебі» тақырыбында 10-ға жуық бейнесабақтар жүйелі түрде дайындалып көрсетілуде.

Осы мақсаттарды орындау үшін жоба аясында атқарылатын бірқатар міндет айқындалды. Соның бірі — Мемлекеттік қызметшілер мен ҰЕҰ үшін гендерлік теңдік тұжырымдамасын іске асыру бойынша оқыту курсының ұйымдастыру. Осы орайда Қа-

Осы және өзге де шараларды айқындаты атқара келе, қоғамда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы проблемалар біршама шешімін табады деген үміт зор.

Өз тілшімізден

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Дархан ИСЖАНОВ:

Санадағы «қоқыс» тазарса, даладағы полигон да азаяды...

Үйіңіздің іші-тасында қоқыс көп пе? Облыс заңсыз қоқыс үйінділерінен қашан құлантаза құтылады? Осы көкейкесті сауалдарға жауап іздеу мақсатында Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің басшысы Дархан Исжановпен сұхбат құрған едік...

– Дархан Ергалиұлы, ә деген бетте алғашқы сауалымыз қоқысты сұрыптауға қатысты болмақ. Мәселе біраз жылдан бері қаузалып келе жатқанымен, нәтижесін көре алмай келеміз. Неге?..

– Сауалыңыз орынды-ақ. Адамдық, қоғамдық сана қалыптаспай диттеген мақсатымызға жете қою оңай ма?! Жұртшылықпен әр жүздерекен сайын «үйіңіздің маңындағы қоқыс жәшігіне мән беріңіз» деп айтып жатамыз. Қазір түрлі қоқыс сұрыптайтын бак бар. Әр үйдің іргесінде болмағанымен, бар. Арнайы контейнер де орнатқыздық. Тек соған жете мән беріп, амал ететін жан баласы да кемде-кем. Бірақ, бұрнағы жылдармен салыстырғанда жергілікті халықтың ішкі мәдениеті етпеп болсын қалыптасып келе жатқанын аңдаймыз. Ілгерілеу бар. Мысалы үшін, өзен-көлдің жағалауын алып қаралық. Ондай жер ылғи қоқыс пен қалдықның астында жататын еді ғой, есіңізде болар. Бүгінде саябаққа бір сейілдеп келсеңіз, бұрынғыдай бейберекет жатқан дөңене көрмейсіз. Бүгінгі адам бейсауат жатқан нәрсені қабылдай алмайтын халге жеткені куантады.

– Сөзіңіздің ауанына сенсек, орталық саябақтағы тазалайтын қызметі бар жерлерді мензегеніңіз ғой...?

– Біз қоршаған ортаның сақшысы болғаннан соң, далалық аумақтарды да күнделікті бақылауымызға алып, «кір-қоңы» кете қоймаған жерлерге барып, түрлі акция өткізіп жатамыз. 100-200 шақырымдық жерлерде де қоқыс жоқ емес, бар. Бірақ бұрынғыдай алып үйінділер келместің кемесімен кетті десек болар. Көл жағалауындағы қарапайым балықшылар өзінің де, өзгенің де қоқыс-қалдығын қалдырмауды әдетіне айналдырған. Әредік, жергілікті жұрттан кейбір жерге қоқыс бағын орнату қажет деген тілек талабын естіп жатамыз. Ол да орынды. Бірақ, исез өзен-көл жағалауына бақ қойып, ол жерге себепті-себепсіз адамдарды үйір қылмау тәсілін берік ұстанамыз. Онда бақтың пайда болғанын көрген жұрт қоқыс лақтырып, аз күннен соң біз жаңа қалдық үйіндісін көрер едік. Негізінде әр адам қоршаған ортаға деген мәдениетті қалыптастырғаны алдымен



өзіне пайдалы. Санадағы «қоқыс» тазарса, даладағы полигон да кемиді...

– Жеке секторға тоқталып көрсек. Ондағы үй иелері әдетте пешке жағылмайтын «отқа салса жанбайтын, суга салса батпайтын» қалдығын сыртқа шығарып қоятын әдетінен арыла қойды ма екен?

– Қазіргі заманауи технология қалдық атаулының 90 пайызын қайта өңдеуге қауқарлы. Ықтияр болса, әрине. Бұл бағытта жұмысты жалғастыру үстіндеміз. Кейде көңіліміз толмай жүреді. Не десек те, көздегенімізге күн сайын қарыс қадамдап жақындай түсеміз. Қоқысты бөлек жию. Қалдықтарды қайта өңдеу деген дүниенің осы күндердегі орындалысы шамамен 50 пайызға жуықтап қалды. Ендігі меже – 100 пайыз болмаса да, сексен-тоқсанға жақындағанда тәуір.

– Елу дейсіз бе? Қателесіп тұрған жоқпысыз?

– Жоқ! Қарағанды қаласының өзінде 20 шақты қоқыс өңдеу компаниясы бар. Оның ішінде пластик, шыны, қағаз, батареяка өңдейтін нысандар бар. Құрылыс қалдықтары әдетте құрылыспен айналысатын кәсіпорындар маңында көптеп пайда болады. Оны өңдейтін де жер бар. Бірақ бажайлап қарағанымызда көп кәсіпкер құрылыс қалдықтарын сұрыптауға құлықсыз. Олар үшін бұл «қымбат» екен-мыс. Сондықтан, жеріміздің ландшафтын бұзатын бетон қалдықтары сынды жағымсыз көрініс әлі де кезігеді. Енді дерек келтірілік. Бұрнағы жылдары өңіріміз-

де 1300-ге тарта алып қоқыс үйінділері болса, биыл 739 қоқыс үйіндісі тіркелді. Жағдай екі есеге төмендеген. Яғни, жергілікті әкімдіктердің бұл тараптағы жұмысының жүйеге түскендігін байқаймыз. Құрылыс қалдықтарын жергілікті қоқыс полигонын қарауылдайтын қызмет өкілдері уақытша сақтау амалын қылып, жартылай өңдей алады. Өңделмеген екінші жартысын өзге керек-жаракка икемдеп жіберуге болады. Тек ақылмен істелсе болды да.

Тағы бір мысал. Жақында бір жас кәсіпкер, тауық сүйектерінің үйіндісін далаға тастай салғанын көріп, әріптестеріміз түсіндірме жұмысын жүргізгені бар. Сөзіне сенсек, тамақтану ошағын ашқан ол әу баста қалдықты қайда тастарын білмей әлгіндей орашалақтық жасаған. Кейін қатесін түсініп, сүйек-саяқты жолатын жекеменшік мекемемен келісімшарт жасасты. Қалай десек те, халықтың экологиялық сауатын ашу бір жылда атқарыла қояр шаруа емес-ау. Мұндайда әр адамға асықпаған маңызды. Кез келген әрекетті салмақтап істегенге не жетсін, шіркін.

– Түіні тарқамаған түйкіл. Жарамсыз көлік атаулыны кәдеге жарату. Бізде елдегі жалғыз автокөлік утилизациялайтын зауыт бар. Жұмысы тоқтап тұр. Ауылшаруашылық техникасын қайта өңдеу керек еді. Бірнеше жыл болды тұралап тұрғанына. Сауал экология департаментіне тікелей қатысы болмағанымен, салалық министрлік өкілдерінің қаперіне жетті ме екен?..

– Бұл жайт уақыт талап етеді. Құзырлы мекеме «РОП»-тың мәселесін қадағалау үстінде. Бұдан өзге айтармыз кем. Ауылдық жерлердегі полигонға келер болсақ, тиісті сараптама амалдары жасалды. Уағында шалғай жердегі бір полигонды жою құны үш-төрт млрд-тенгені құраған. Жайдан жай «өсіп» кеткен үйіндінің орта түсіре салу мәселесін өркендетті шешімі емес. Онда кәдімгідей сұрыптау бекеті болуы керек. Қазіргі талап сұрыптау мен өңдеу нысанының қатар тұрғанын мензейді. Бүгінде әкімдіктер тарапынан қалдықтарды басқару бағдарламасын пысықтауда. Осыдан келіп, не әлгіндей тиісті нысандар салармыз, не қалдық үйіндісін уақытша орналастыру алаңдарын салармыз.

– Мазмұнды әңгімеңізге алғыс!

Сұхбаттасқан,
Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ...

Шырша ерекше бақылауда

Жаңа жылды жасыл шыршасыз елестету мүмкін емес. Сауда дүкендерінде әсем безендірілген жасанды шыршалардың алуан түрі самсап тұр. Әйткенмен, жұпар иісті табиғи шыршаға не жетеді? Соңғы кезде көшеден ара-кідік табиғи орман шыршаларын сатушыларды жолықтырып жүрміз. Осы орайда, «Орман сұлулары балтаға түсіп жатыр ма?» деген сауал көкейде қылаң береді.

Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы мекемесінің әкімшілігі «сатылымға келіп жатқан шыршалар Ресейден жеткізілген» деп көңілдегі күпті ойды сөйлетті. Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бұйрығына сәйкес, мекеме желтоқсан айынан бастап, Қарағанды, Пришахтинск, Саран, Абай, Шахтинск мемлекеттік орман қорындағы, сонымен қатар Бұқар жырау ауданындағы қылқан жапырақты ағаштарды қорғауға күшейтілген күзет енгізді.

– Орман күзетінің барлық күштері мемлекеттік орман қоры аумағында тәулік бойы патрульді бақылауға алынды. Қазіргі кезде 19 мобильдік топ пен 5 мобильдік

бекет сақдай-сай. Сонымен қатар, «Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі мен облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметкерлері рейдтер жүргізілуде, – дейді мекеме директоры Мақсат Мұқанов.

Елімізде қылқан жапырақты ағаштарды сатуға тыйым салынған. Шыршаны ұрлағандар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес айыппұл төлейді. Бір шыршаға салынатын айыппұл мөлшері жеке тұлғалар үшін – 100 АЕК (345 мың теңге), ағашқа залал келтірген болса, 15 АЕК (51.750 теңге). Егер айыппұл мөлшері 100 АЕК асып кетсе, браконьерлікпен шұғылданушының үстінен қыл-



мыстық іс қозғалады. Мемлекеттік орман кадастрының мәліметі бойынша, бүгінде Қарағандыдағы қылқан жапырақты ағаштың ауданы 775 гектар аумақты құрайды.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• МӘСЕЛЕ

Еріккеннің ермегі – электронды темекі

«Әуелгі байлық – денсаулық» дейміз. Бірақ, бүгінде денсаулығына жігі назар аударып, күтім жасап жүрген ешкімді көрмегендейсің. Заманның талабы ма, әлде адамның қалауы ма, кім білсін?! Деніңіз саулығына қастық жасап жүргендер көп-ақ. Нақтырақ айтсақ, электронды темекінің торына түсіп, шыршауына шырмалған жастарымыз қаншама?! Сонда бұл сан бе, иә болмаса, тәуелділік пе? Бұл бәлекеттің жастар арасында өршуіне не себеп?


Электронды темекі жастардың «жақын серігіне» айналғалы қашан. Тіпті, бәзбіреулер онсыз өмірін елестете ал-



• БӘРЕКЕЛДІ!

Жеңіс тұғырында

Н.Нұрмаков атындағы мамандандырылған мектеп-лицейдің және «Білім-инновация» мектеп-лицейінің оқушылары Алматыда өткен олимпиаданы жеңіспен оралды.



Сурет облыстық әкімдік сайлаптан алынды

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар информатика бойынша өткен Еуразиялық олимпиадада екінші және үшінші орын иеленді. Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанның 75 командасынан 200-ден астам оқушы қатысқан сайыста білімдерімен топ жарды.

Олимпиада сынақ және негізгі турдан тұрды. №1 «Білім-инновация» мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы Абзал Бекежан зияткерлік жарыстың күміс жүлдесі атанды.

– Информатика олимпиадаларына көптен бері қатысқандықтан, мен үшін қиын болған жоқ. Бірақ, биыл алға қойған басқа да мақсат бар. Меніңше, айтарлықтай жақ-

сы өнер көрсеткен жоқпын. Екінші орын алдым, – дейді Абзал Бекежан.

Сайыста II орын иеленген Н.Нұрмаков атындағы мамандандырылған мектеп-интернат-лицейдің 10 сынып оқушысы Әлішер Қазтаев олимпиада оңай болғанын айтты.

– Информатика олимпиадасына қазан айынан дайындала бастадық. Бірінші тур онлайн болды, ал, екіншісі офлайн форматта өтті. Мен басқа қалалардан достарымды көрдім, сойлестім. Биыл сайыстар өткен жылдарға қарағанда жеңілдеу, – деді Әлішер Қазтаев.

Олимпиадада сондай-ақ, Н.Нұрмаков атындағы мамандандырылған мектеп-интернат-лицейінің 11-сынып оқушысы Аскар Айбасов та қола жүлдеге ие болды.

• КИБЕРСПОРТ

Виртуалды әлемдегі дода

Елімізде киберспорт қарқынды дамып келеді. Әлем жұрты бет бұрған осы спортқа қызығушылар көп. Әсіресе, жастар. Жақында Серік Сәниев атындағы бокс орталығында «ALAMAN 2023: Qazaqandy» деп аталған киберспорттан облыстық турнир өтті. Виртуалды әлемнің шебер ойыншылары өзара кім мықтыны анықтады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнир «Қазақтелеком» АҚ және Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған. Қатысушылар CS2 және FC 24 деген ойындарды ойнап, бағы мен бабын сынады. CS2 дегеніңіз – атыс, шабыс. 10 немесе 5 адамнан жасақталған командалар бір-бірімен қарулы қатығысқа түседі. Берілген тапсырманы орындағандар, қарсыластың көзін жойғандар жеңіске жетеді. Қарудың түр-түрі бар. Қарсыласты өлтірген сайын сізге виртуалды ақша түседі. Соған керек-жарактарды сатып аласыз. Командаласыңызбен дыбыстық байланыста боласыз. Өзінің қызығы көп. Ал, FC 24

деген – виртуалды футбол. Приставкамен ойнайды бұны. Мұнда әрі кеткенде – 4 адам. Виртуалды түрде доп тебесіз. Жеңе алмай жүрген Еуропадағы үлкен стадионды таңдап, кумиріңіз ойнайтын атакты футбол клубын аласыз. Бәрі құзырыңызда. Финалға шығу үшін Counter-Strike 2 бойынша – 68 команда, ал киберфутболдан 168 адам додаға түсіпті. Осы сандарға қарап, Қарағанды облысында киберспорттың қаншалықты дамып келе жатқанын топшылай беріңіз.

Турнирдің жалпы жүлде қоры 1 500 000 теңгені құрады. CS2 финалистері – 1 200 000 теңгені, ал FC 24 финалистері 300 000 теңгеден алды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

құлқын зерттеу нәтижелері ұлдардың арасында – 10%, қыздардың 6%-ы темекі шегетінін көрсеткен. Жасөспірімдердің арасында электрондық сigaretке деген әуестік жоғары, – деп мәлімдеді Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният.

Жас ағза никотинге тез тәуелді болады. Өмірі де қысқарады. Электронды шылтымды сатып алу процесінің жеңіл әрі қолайлы болуы да «ізденгенге-сұраған» болып тұр. Кез келген әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, түр-түріне тапсырыс беріп, ала бересіз. Бұған тиісінше тосқауыл амалдары қарастырылмаса, бара-бара ғасыр дертіне ұласуы әбден ықтимал. Ойланалық.

Әлия СЕРІК,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің I курс студенті

майындай халде. Алайда, сол жат әдет есіл өміріне айтқысыз қатер төндіріп тұрғанын ешкім ой елегінен өткізбейді. Зиянына келсек, электронды темекінің бір данасын шегу қарапайым темекінің төрт қорабын тауысқанға тең. Ал, бұл ағза үшін өте қауіпті. Статистика мәліметтеріне, ересектер арасында темекі шегу денгейі айтарлықтай төмендеген. Ересектер жайы іштей қуантқанымен, бұл дерт жасөспірімдер арасында күрт өсіп жатыр. 2022 жылғы дерек бойынша 11-15 жастағы жасөспірімдер арасында электронды темекі шегу саны үш есеге артқан. – 15 жастағы оқушылардың мінез-

• ДӘСТҮР

ҚАЗАҚТЫҢ «МАЙҚАПШЫҒЫ» ҚАНДАЙ МАЛ?

«Ет дегенде бет бар ма?» деп, бұл күнде қазақ түгiлi өзгелер де жылқы етiн асып жегендi жақсы көредi. Бабымен асылған кер биенiң сere қазысы қазанға түскеннен-ақ үй iшiнiң дегбiрi қашып, аузының суы құрып отырады емес пе?! Ал, ендi еттi жегенде қара етiн қағып қазысын, қартасын, шұжығы мен шимандысын саламыз ауызға. Сол ауызға салған бiр май бiр еттi сап-сары қазы өлшемiн бiлемiз бе? Мал семiзiн қазақ қалай таныған. Осы хақында талдап көрелiк.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Соғым мен күздіктің кезі қазақ үшін берекелі уақ. Мал семізін таңдауда жылқы тану кез келгеннің еншісіне берілмеген бақ. Кешегі Толыбай, Күренбай сыншылар тұлпарды тұрпатынан танығандай-ақ, арық-семізді қылаң-баранынан бағамдар небір сыншылар өтті. Қазіргі «мал танымын» дегендердің кейбірі арық-семізін білу үшін ұстап көріп жатады. Ұстағанда жалын, жаясын, қабырғаларын түргіп, сипап, басып көреді. Әрине, бұл жылқының жал жағы қатқылдау болса, жаясы мен қабырғалығы қалың болса, семіз дегенді білдіреді. Расында, семіз жылқының жалы күдірейіп, құйрығының аламай жағы ішіне кіріп шұқырайып, ал, қос жамбасының еті шодырайып шығыңқы болады. Жаясы жалпайып, ортасы жарылып, су ағар сызығы шығады. Десек те, бұл белгілер алдамшы да болуы мүмкін. Сырт көзге жаясы жалпайып тығыршықтай боп көрінген жылқы жануар сойғанда қыртысы қалың болса да, қазысы аз болуы әбден мүмкін. Мұны қазақ «қара етті» деп бөледі.

жылқы қалай сойсаң да, қазы беретіні сөзсіз көрінеді. Қазының да өлшемі бар. Әрине, сыртына қарап арық-семізін анықтаған ата-баба бірден қазы өлшемін дөп басып бағамдамаған болса керек. Десек те, шын-тақ, елі, бармақ, екі елі, үш елі, сere (табан) деген қазыларды ажырата алған. Бүгінгінің көп жұрты осы бір өлшемдерді білмей, не шатастырып жаңылып жатады. Бұл өлшем адам саусақтарымен өлшенеді. Мысалы ең кішкентай саусақ шынашақ – «шын-тақ қазы», сұқ саусағыңыз – «елі», бас бармақ – «бармақты», сұқ саусақ пен ортаншы саусақ – «екі елі», үш саусақ – «үш елі», төрт

саусақ бірдей болса ол – «сере», яғни, «табан» қазы. Жылқының пышаққа түсер жасы жабағы кезінен. Қазақ құлын соймаған. Жабағы – жазда туылған құлын қыс түсе, жабағы жүні шығып, ет алатын кезең. Бұл қазақша I жас болып есептеледі. Осы шағында оның қазысы «бармаққа» дейін жетеді. Жабағының «бармақ» беруі бұл ең семіз деген сөз. Бұл семіздік қазақша «майқапшық» деп аталады. Егер сол жабағы тайына дейін енесін емесе «екі елден» кем түспейді. Қазының ең семізі «үш елі», «сере» қазы кейде тар ішекке

сыймай қалады. Ондайда қазақ қазының майына обал жасап оны жонбай не сырмай «ақ қазы» қылған. Айналырмаған. Айналыған қазы майы аппақ болып «ақ қазы» аталған. Бұл алыс-жақын құрметті қонақ, ағайын, құда-құдалдың алдына тартылған табақтан табылар ас. Көбіне «үш елі», «сере» қазыны азбан (пішілген) аттар, не ту биелер береді. Сонымен қатар, қазақ жылқының жілік майына қарап та арық-семізін анықтаған. Ертеректе бәйгеге ат жаратқан атбегілер атағаштағы жаратар аттың қасына тағы бір құр атты байлаған. Екеуін қатар жемдеп уақыты келгенде жаңағы құр атты сойып көрген. Әлгінің жілік майы ағарып толса, онда қасындағы бәйгеге аттың ет алғаны, яғни баптауды бастауға болады деп санаған. Ал, арыққа айтар «Жілігі татымаған» деп жеки сөйлеуі.

Арықтың да арығы бар. Жылқыға «шын-тақ» – айтарлықтай қазы. «Шын-тақтан» төмен «қылыш арқа» деген де бар. Бұл пышақ сыртындай көрінер көрінбес қазы. Одан төменді қазақ «қазы» деп есептемеген. Арық санаған. Кей-кейде үлкендер қонақтан келіп «сойғандары арық, көке жасық болды, ішіме жақпады» деп қанағаттанбай жатады. Міне, «көке жасық» – малдың ең арығына берілер баға. Көрі бие, тоқтақасқан айғыр не сауылған жабағы-тайдың қазысы осындай болады. Қалай десек те, негізіне, тұқымына, қалыбына қарай екен. Тұқымы майқапшық жылқының енесі құнарлы көрінеді. Жалпы жылқы қаны енеге тартады. Жүгірер жүйрік болса да, қазылы семіз болса да. Сондықтан болар, атақты сыншылардың жақсы ат көрсе «енесі қандай тұқым?» деп сұрауы.

Сары биенің саумалын сапырып ішіп, кер биенің қазысын кергіп жеген кешегі сактың ұрпағы соғымын өзі таңдап, өзі таңуы тиіс. Қазақ бола тұра, атқа міне алма, мал соя алма, ең құрығанда, аузыңа салған қазыны танысаңыз етті...

• ЖАҢА КІТАП

Күш атасын танытқан

Қазақ күресінен Қазақ КСР-ның тұңғыш спорт шебері, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, республикалық санаттағы төреші Қылаң Бақыжанов туралы жазылған кітаптың тұсауы кесілді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Кітапта Қылаң Бақыжановтың спорттағы жетістіктері, замандастарының жылы естеліктері жазылған. Сонымен қатар, балуан әулетінің шежіресі бар. Кітаптың авторы – Талғат Қашқынбаев. Жазуға 6 айға жуық уақыт кетіпті. Тұсаукесер рәсіміне Өскемен қаласынан арнайы келді.

Қатонқарағай ауданының тумасы Қылаң Бақыжанов деген ағамыз кезінде осы қазақ күресінен үлкен жетістіктерге жеткен. Қарағандыдағы шахталарда қызмет атқарған. Осы кітапта сол кісінің өмір жолы туралы және күрестегі жетістіктері туралы таныстары, туыстары басқа да көрген-білген адамдардың естеліктері жинақталған, – деді Талғат Қашқынбаев.

Қылаң Бақыжанов 50-60 жылдары есімі елге кеңінен танылған балуан. Қазақ КСР-ның 7 дүркін және Орта Азия мен Қазақстанның 2 дүркін чемпионы. «Спорт шебері» атағын ең алғаш алған спортшы. Тау тұлға 16 жыл Қарағанды облысының спорт федерациясын басқарған. 40 жыл шахтада жұмыс жасаған.

Шара барысында «Армандар бізден алыста» деп аталған екінші кітаптың да тұсауы кесілді. Мұнда Қылаң Бақыжановтың жары Күлжә Бақыжанова туралы жазылған. 92 жасқа келген. Ұзақ жыл ұстаздық еткен педагогтың өмір жолына арналған атты кітаптың тұсауы кесілді.

• «АУЫЛ АМАНАТЫ»

Кәсіп түбі – береке

Ақтоғай ауданы мал басын жаппай асылдандыруда. Бүгінде ірі қара өсіретін қожалықтар саны артып, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында шаруа иелері жаңа техникаларға қол жеткізген.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Ақтоғай ауданына қарасты Қарамеңде бір ауылдық округі мал шаруашылығын дамытып жатыр. Аядай ауылда 42 қожалық тіркелген. Панар Ертаубаева – солардың бірі. 73 жастағы ана зейнеткерлікке шыққаннан кейін мәрқұм жолдасының шаруасын қолға алған. Асыл тұқымды ірі қара өсіруді жалғастырып келеді. Тәңірден кешке дейін жайылымдағы ақбас сиырдың жай-күйін бақылап, қорадағы шаруаны бір кісідей реттейді.

– Жолдасым бақилыққа аттанған соң мал шаруашылығын жалғастыруды жөн көрдім. Ақбас сиыр өсірудеміз. 30 жылдан асты. Ақтоғай ауданында асыл тұқымды ірі қара өсірушілердің алғашқылары біз болдық. Ақбас тұқымын алудың көбейіп келеді. Ауылда көптеген қожалықтар тұқым алады, – деді Панар Ертаубаева.

Ал, Ербол Жәмелұлы қаладан осы шаруа үшін арнайы көшіп келген. Келгеніне бес жыл. Алғашында 18 мал сатып алып, жеке қожалық ашқан. Әкімдіктен бос жер алып, жаңадан үй тұрғызған. 250 басқа арналған баз салып, бірнеше адамды жұмысқа қабылдаған. Биылдың өзінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 18 миллион теңгеге техника алып, табысын арттыра түскен.

– Соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқын алып келеді. Табыс көзі осында жатыр деген ой келді. Ауылға келдім. Қожалық жұмысы қазір нәтижесін беруде. Көтерме техника, тіркеме секілді қажетті техникалар алдым. Жетілдікпен. Жұмысшыларыма жағдай жасап, – деді қожалық иесі.

Бүгінде Ақтоғай ауданы бойынша жүздеген қожалық табысты жұмыс жасап жатыр.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Ақбөкенге қауіп сейілді

Ақбөкен енді тұқымы құрып бара жатқан, сирек кездесетін ан түрінен алынды. 2023 жылдың 11 желтоқсанынан бастап, киік «құрып кетудің аз алдында тұрған аң» санатынан «қауіп төніп тұрған аңдар» санатына өтті.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бір кездері дала сәніне айналған ақбөкен саны күрт құлдырап кеткенді. «Охотзоопром» мамандарының 20 жыл бойы қызғыштай қорымен бүгінде саны 1,9 млн-ға жетті. Еске салар болсақ, киікті қорғау жолында қан мен тер қатар төгілді. Қарағандылық қорықшы Ерлан Нұрғалиевтің браконьер қолынан қаза тапқанын жұрт әлі

ұмыта қоймады. Осынша қан мен тердің арқасында ақбөкен санының артқаны жағалай жұртқа жағымды жаңалық болды.

Деректерге қарасақ, Қазақстанда бір жылдары тұқымы құрудың аз алдында қалған ақбөкендер саны жылына орта есеппен 40 пайызға өскен. Биылғы мамыр айындағы әуе санағының ақпаратына сай оның 800 мыңға жуығы Бетпақдаланы мекендейді. Ал, 1,3 млн-ы – Орал, 39700 бас – Үстірт популяциясына жатады.



• САЙЫС

Кәдесый шеберлері марапатталды

Алдағы жылы Қарағанды шаһарының қала мәртебесін алғанына 90 жыл толады. Достық үйінде аталған мерейтойға арналған аймақтық кәдесый шеберлері байқауының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталды. Бас жүлдеге екі туынды лайық деп танылды. Kazakhstan-NOMAD панносы және «Көмірлі Қарағанды» шеберлерінің ағаштан жасалған композициясы мәреңі алдында келді.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

– Алдағы жылдың ақпан айында Қарағандының 90 жылдығы өтеді. Байқау қазан айында жарияланған. Негізгі шарт – тақырыпты аша білу, яғни, туындыларда кеншілер қаласымен байланысты дүниелерді көрсетуге болады. Кәдесыйлар мұқият таңдалды. Олардың әрқайсысында қалаға деген сүйіспеншілік байқалады. Сайысқа Қарағанды, Теміртау, Саран, Абай және Ақтастан жиналған шеберлер 32 жұмыс ұсынды. Арасында балалар да бар. Ең жас қатысушы – 8 жаста, ең үлкені – 70-ге. Байқау ашық әрі тегін өтті, – деді «Шебер» сәндік-қолданбалы өнер

шеберлерін қолдау орталығы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырушысы әрі өкілі Татьяна Грибанова.

Байқауға жұмыстар этностильдегі кәдесый (кізден жасалған бұйымдар, халық қолөнері, киім-кешек және зергерлік бұйымдар), интерьер кәдесыйы (панельдер, картиналар), кәдесый-миниатюра (магниттер, кілттер, белгішеселер), тоқыма, тоқылған кәдесыйлар аталатын төрт номинация бойынша қабылданған. Қазылар алқасы бас жүлде иегерлерімен қоса әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықтады.

Бас жүлдені Kazakhstan-NOMAD панелі және «Көмірлі Қарағанды» ағаштан жасалған композициясы бөлісті.



Суреттер облыс әкімінің кабинетінде

ҚҰЛАҚАҒЫС

Жедел желі іске қосылды

Қарағанды қаласының Мәдениет және демалыс саябақтары мен гүлзарларын басқару мемлекеттік мекемесі жедел желінің жұмыс істей бастағаны туралы хабарлады.

Енді тұрғындар өздері куә болған саябақтардың, гүлзарлардың және жаяу жүргіншілерге арналған жолдың жағдайы туралы хабарлай алады.

«Жарықтың жоқтығы, құлаған ағаш, электр желісінің қауіпті сымдары, мұз қатқан жаяу жүргінші жолдары және басқа да келеңсіздіктер жөнінде айту немесе басқа да шағымдарын қалдыруға болады. Жедел желі 24/7 жұмыс тәртібінде қызмет көрсетеді. Кез келген уақытта қоңырау шалыңыз. Бірігіп кемшіліктерді тезірек жоя аламыз», — делінген парктің Instagram-дағы ресми парақшасында.

Жедел желі телефондары: +7-700-372-33-01, (8-7212) 361-040.

Өз тілшімізден

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Тұрғындарға тосынсый

Қарағандылықтар жаңа жылдық мерекеге дайындықты бастады. Биыл кеншілер шаһарының тұрғындары биіктігі 20 метрлік бас шыршаны тамашалайды. Жаңа жылдан ғажайып күтетін қаланың кішкентай тұрғындарын Аяз ата мен Қарша қызға анапар ертегі әлемі шақырады.

дер жақсы көретін Coca-Cola жаңа жылдық жүк көлігі қала көшелерімен жүріп өтеді. Сол күні қала қонақтары қаладағы бас шыршаны жағу салтанатын тамашалай алады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жылдық мейрамда өткен маусымдағыдай саябақтар ерекше безендіріледі. Дегенмен, биылғы мерекені сәндеу үлгісі қондырғылар орнату арқылы өзгертілмеді. Қала көшелеріне 7 жасанды шырша орнатылған. Биіктігі 20 метрлік бас шырша жыл сайынғы дәстүр бойынша Тәуелсіздік алаңында. Бес жылдан астам тұрғындардың көзайымына айналған 18 метр биіктіктегі шырша К.Станиславский театры маңына орнатылады. Басқа шыршалар Кеншілер мәдениет үйінің маңындағы алаңда, «Теміржолшылар», «Жастар» және «Жаңа Майқұдық» саябағында, сондай-ақ, флагштокка қарсы бетке орналастырылады.

Мереке аясында балаларға қысқы ертегі ұйымдастырылады. «Жеңіс саябағы» мен «Майқұдық»



саябағында мұз айдындары және орталық саябақта дәстүрлі түрде сүйікті желілік мұз айдыны болады. Биыл «Жеңіс» саябағында алғаш рет мерекелік саудасы бар жаңа жылдық жәрмеңке көшелері жұмыс істейді. Ал, орталық саябаққа үлкен төбешіктері бар айдаһар сарайы салынады. Барлық саябақтарда қарлы фотоаймақтар болады.

Жылдағы дәстүрмен желтоқсанның 25-і күні барша бүлдіршін-

алады. Мерекелік шаралар қаланың әр шағында жалғасын табады. 23-24 желтоқсанда Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Таңғажайып Жаңа жыл» ертенгілігі өтеді. Ал, 27 желтоқсан күні С.Сәпиев атындағы Бокс орталығында қала әкімінің қайырымдылық шыршасы, 1 қаңтарда «Молодежный» мәдениет үйінде «Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекелік бағдарламасы ұйымдастырылады.

ФУТЗАЛ

Әуесқойлар лигасы әлді

Футзал жанкүйерлерінің назары Қарағандыда болды. «Аманат арена» спорт кешенінде футболдан әуесқойлар арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Доп додасына еліміздің түпкір-түпкірінен жалпы саны 30-дан астам команда қатысты. Бәсеке 4 күнге жалғасты. Чемпионатты Қазақстан әуесқой футбол лигасы ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл чемпионатта қыздар да өзара мықтыны анықтады. Қарағандының намысын «Izidos» командасы қорғады. Қарағандылықтар бұл жолы III орыннан көрінді. Семейден, Өскеменнен және Алматы мен Астанадан келген командалар да жүлдеге таласты. Алматылықтардың бағы мен бабы қатар шауып, тұғыр биігіне шықты. Жалпы, елімізде қыздар футболы қарқынды дамып келеді. Осы чемпионатта қыздар командаларының деңгейі көрінді. Матчтардың бәрі тартысты өтті. Әсіресе, қарағандылық жанкүйерлер «Izidos» командасының жарқын жеңістеріне куә болды.

Қыздардан бөлек, 40 жастан асқан ерлердің де додасы өтті. Бұл санатта 10 команда жүлдеге таласты. Чемпионаттың сенсациясы осы командалар деуге әбден болады. Қырықтан асып, елуге таған ойыншылар жылдамдық жағынан да, шеберлік жағынан да жас жігіттерден кем түспеді. Мығым қорғаныс, жылдам шабуыл, жойқын соққы, дәл пас, бәрі кәсіби деңгейде. Бұл санатта Атыраудан



келген команда үздік атанды. Топтық кезеңде де, плей-офто да биік дәрежедегі ойын көрсете алды.

Қарағандының намысын қорғаған «Аңсар» командасы бұл жолы жүлдесіз қалды. Ал, Балқаштан

келген «Достық» командасы қола алды.

Ал, 35+, яғни, 35 жастан асқандар санатында 15 команда болды. Мұнда аймағымыздың намысын «Биосфера» командасы қорғады. Өкінішке қарай, жерлестеріміз жартылай финалда Шу қаласынан келген «Кунту» командасына бір гол айырмасымен есе жіберді. Ал, III орынға таласта «Батыс батырлары» командасын 5:0 есебімен ойсырата ұтып, қоланы қанжығалады. Футзалдан әуесқойлар лигасының ұйымдастырушылары елімізде футбол жыл сайын дамып келе жатқанын айтады. Бәсекеге қабілетті командалар да көбейіп келеді екен.

— Әуесқойлар лигасы 2010 жылдан бастау алған. Әуесқойлар лигасында тек 8 команда болды. Бүгінде команда саны күрт өсті. Астананың өзінде ғана 150-ден астам ұжым бар. Лигамыздың филиалдары Қазақстанның барлық қаласында ашылған. Қарағандыда 100-ден астам команда ойнайды. Деңгей жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, осы чемпионатта кубокті иеленген «Кунту» командасы үш жыл қатарынан финалға шықты. Осы жолы ғана жеңімпаз атанды. Осындай жеңіске құштар ойыншылар көп және соған қуанамыз, — деді Қазақстан әуесқой футбол лигасының ұйымдастырушысы Нұридин Иса.

Әуесқойлар лигасы елімізде кеңінен танылған. Бұл — бұқаралық спорттың қарқынды түрде дамып келе жатқанын айғақтайтыны сөзсіз.

БАЙҚАУ

Жігітке жеті өнер де аз...

Қарағанды шаһарында өткен «Сарбаз сахнасы» облыстық әскери-патриоттық байқауда 300-ден астам оқушы өнер көрсетті. Нақтырақ айтсақ, аймақтағы 17 мектептің «Жас сарбаз» қадет сыныптарының оқушылары «Елім менің», «Желтоқсан желі ызғарлы» және «Тәуелсіздік толғауы» атты үш аталым бойынша бақ сынасты.

Байқауды ұйымдастырушы — «Сарыарқа дарыны» балаларға арналған қосымша білім берудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

— Байқау үшінші рет өтіп отыр. Мақсатымыз — жасөспірімдер мен жастар арасында патриоттық тәрбиені насихаттау, таланттарды ашу, балалардағы эстетикалық талғамға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, — дейді «Сарыарқа дарыны» орталығының әдіскері Мақсұт Дастан.

«Елім менің» номинациясында Теміртау қаласы Б.Момышұлы атындағы мектеп-лицейінің оқушылары Руслан Мамытовтың «Қазақстан бақытты» әнін хормен орындап, бірінші орынға ие болды. Жетекшілері — Гүлнар Әзімбаева, Ирина Бондарева және Мира Сәбитбаева.

кіндігімізді көрсетіп, шабыттанып, ынталандық, — дейді Б.Момышұлы атындағы мектеп-лицейдің тоғызыншы сынып оқушысы Мұхамедсаид Сыдық.

Ал, «Желтоқсан желі ызғарлы» номинациясында мектеп оқушылары актерлік шеберлікпен көзге түсті. Қарағанды қаласы Б.Момышұлы атындағы мектептің командасы Ахмет Байтұрсынұов пен «Алаш» партиясы көшбасшыларының өмірі туралы театрландырылған қойылымды сахналап, жеңіске жетті.

— Театрландырылған қойылымға тоғыз бала қатысты. Басты рөл — Ахмет Байтұрсынұовты 10 сынып оқушысы Арыстан Жиенов сомдады. Оларды мектептегі «Шамшырақ» театр студиясының жетекшілері Балжан Құйқалақова мен Акбаян Баянова дайындады. Театр студиямызда 40-қа жуық бала бар. Олар бірнеше рет облыстық және республикалық байқауда жеңіске жетті. «Жас сарбаз» сынып оқушылары — мектептің мақтанышы, — деді мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Рымжан Әділбаева.



«Тәуелсіздік толғауы» аталымында бірінші орынды Қарағанды қаласы Н.Әбдіров атындағы мектептің сегізінші сынып оқушысы Балсина Наурызбаева иеленді. Оны сынып жетекшісі Жұлдыз Нұрғалиева дайындаған.

— Бұл номинацияда біз белгілі авторлардың Қазақстан туралы шығармаларын жатқа оқыдық. Мен Бек Байтасовтың «Туған жер»

өлеңін оқыдым. Толқымда, соңына дейін оқып шықтым және бірінші орын алдым. «Жас сарбаз» сыныбында оқыған өзіме ұнайды. Тек тәртіпке ғана емес, жан-жақты дамуға көмектеседі. Хор, хореография, әскери дайындық үйірмелеріне теңіп қатысқам, — деп атап өтті Балсина Наурызбаева.

Жұлдызгерлерге диплом мен арнайы кубок табыстылды.

Өз тілшімізден

Еске алу

Ағайынның еркесі, дос-жаранның серкесі, жоқ-жігіттің жебеушісі, елінің елеулісі, адал жар, ардақты әке, баға жетпес бауыр, кимас құда, абзал азамат, Қасым ауылының тумасы **Тұяқхан Түшкенұлы ШАХМЕРДЕНОВ-ТІЦ** бұл фаниден бақилыққа өткеніне 40 күн толып отыр.

Қырық күн өте шықты тұмандана, Өлі талай таң атар қылаңдана. Артында елге елеулі атың қалды. Сол үшін тәубе дейміз бір Аллаға. Енді тек бізден барар бар жеңілдік, Өзіңе арнап оқылар Құран ғана.



Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран және әкеміздің көзін көрген барша жамағат! Сіздерді асқар тау әкеміздің өмірден өткеніне 40 күн толуына орай берілетін асқа шақырамыз. Ас 24 желтоқсан сағат 12:00-де Қарағанды қаласы, Сатыбалдин 28/2 мекенжайында орналасқан «Kamila» мейрамханасында беріледі. №680.

Еске алу

Қарқаралының тумасы, айтулы азамат, белді спортшы, ел мақтанышы, асыл досымыз **Тұяқхан Түшкенұлы ШАХМЕРДЕНОВТІЦ** өмірден озғанына 40 күн толды.

Тұяқхан досымызды көрген-білгендердің барлығы жомарт жүректі, айналасына жақсылық жасап жүретін азамат ретінде бағалайды. Өттен, келте тұмыр бізді жан досымыздан айырып, бір қанатымызды қайырды. Жақынның қамқоршысынан, бала-шағасын ардақты әкесінен айырды.

Досымыз самбодан «СССР спорт шеберінің кандидаты» нормативін орындап, үздік спорттық көрсеткіш көрсеткен еді. Польшада әскери борышын өтеп, елге келген соң, балаларға бапкер болды. Шәкіртер республика деңгейіндегі жарыстардан жүлделі болып жүрді.

Кейіннен жеке кәсіппен айналысты. «Артыңа пұл қалдырғанша, ұл қалдыр, бөз қалдырғанша, сөз қалдыр» деген сөз бар. Аяулы досымыз доп осыны мақсаты санады. Барын елімен бөлісті. Өрдайым қайырымдылыққа, игі-істерге атсалысатын еді. Тұяқханның жанына адал дос, туған-туыс, көрші-қолаң жиналған еді. Досымыздың өмірден өтуі тек жақындарына ғана емес, еліне ауыр қаза болды. Өйткені, еліміз азамат өтті өмірден.

Басына бардым, Құлыптас сениң мәңгілік қалған айғағың. Көк тасың өрлеп қарға адым жерден, Қоршап-ап жатыр аймағың. Қара жер көрпе ұсынып жатса, Құдайдың ісі деген бар, Сондықтан досым, не шара бізде? Жәннатта болсын жас жаның!

Адал досымыздың жаны жәннаттан болсын! Соңындағы бала-шағасына берекелі тұмыр тілейміз!

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектеріді бакалаврият пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстауға және тероризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz №647

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

«Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ

Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық нормалары мен мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау үшін Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік этика нормаларын сақтауды және заңнаманы бұзушылықтардың алдын алуы қамтамасыз ету бойынша өз қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ереженің 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметі шегінде мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы нормаларының сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Осыған байланысты этикалық нормалардың бұзылуының алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің әдептік деңгейін арттыру мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл тұрақты негізде семинарлар мен дәрістер түрінде түсіндіру іс-шараларын өткізеді.

Осылайша, 2023 жылы Әдеп жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін сақтауға, «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ту-

ралы» заңдарына енген өзгерістер мен толықтыруларды талқылауға қатысты № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық нормалары мен мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау үшін Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік этика нормаларын сақтауды және заңнаманы бұзушылықтардың алдын алуы қамтамасыз ету бойынша өз қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Сондай-ақ Әдеп жөніндегі уәкілдердің 2023 жылға арналған үлгі жұмыс жоспарын орындау мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратқа жедел ден қою үшін жеке заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған пошта жөшігі тұрақты негізде жұмыс істейді. Департаменттің етінде және «Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ интернет-ресурсында Әдеп жөніндегі уәкілдің байланыс телефондары орналастырылған.

Әдеп жөніндегі уәкілге телефон арқылы хабарласуға болады: 8-708-548-66-20, 8(7212)41-33-64 және электронды поштасы a.zhunusov@mps.gov.kz.

д



● БІР ӨЛЕҢ – БІР ӘЛЕМ

Сейілдің гитарасы

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Бұл Сейіл – тірі қалған Оғыздай! Гитара – Қорқытаның Қобыздай! Арқаға Еуропа көшіп келді, Қазақтың үйірен үш тоғыздай!

Алашты адамзаттан биіктетіп, Жеріне жеті нота сыйып кетіп; Гитараң Қобыздайын боздап кетті, Сейілдің саусақтары тиіп кетіп!

Көңілді ел бақсыға еріп көтергенді, Қаншама жақсыға еріп, бөтен келді. Моцарттың «Түрік маршын» домбыраға, Салып бір Мағауия көкем келді...

Алаштың жүрген жері – адамшылық, Алдыман жібейді ылғи Далам шығып; Жаһанға Мен сіңбеймін бұлар барда, Жаһаның кетер қайта Маған сіңіп!

Кеткен жоқ бойдан – қуат, Ойдан – аңыз, Көрінер Бекзат тұлғам тойда – нағыз; Сайтанмен ойнасаң да, Жаһандану, Қазақтың Жүрегімен ойнамаңыз!

Керуенте ілеспей сан жолда қалдым, Көшімді, сонсоң, эзер ондап алдым, (Қазақтың жүрегімен ойнап-ойнап, Ойыны осылмады-ау, ойбағанның!)

● ТАНЫМ

Арқаның қысы оралады

Төрехан МАЙБАС

Бүгінде күн райын болжау мүмкін болмай барады. Оның мың бір себебі бар. Соның бастысы – әлемдік жылымық.

Қазір қара құрылықта да қар жауады дегенге сеніңіз. Торнаданыз Ресеймен шектесетін қазақ жерінен де көрініп жатыр. Ал, поляр шұғыласы келіп те үлгерді.

Артық-кемі жоқ алты ай жататын Арқаның қысы да тосын мінез танытып тұр. Қарашада қардан қара жер көрінбеуші еді, ал бізде желтоқсанда да қара жеріміз жалаңаш жатыр. Сол емініп отырған қарымыз кеше ғана жауды. Қыс Арқасына оралып жатыр.

Еесіне еліміздің түскейінде жойқын борандар жүріп жатыр. Арқаның арқары ғана емес, қысы да ауған сынды...

Күннің райын билу Арқа казактары үшін өте маңызды.

Кешегі есепшілеріміз күн райын Зодиак шоқжұлдызына қарап болжаған. Қыс белгісі Сүмбіле туысымен-ақ көріне бастаған. Сүмбіледе су жүріп, айтарлықтай суиды. Су беті қадімгідей жыбырлап, қабаршық мұз тұрады.

Бұл жұлдызды батыста «Сириус» – деп әспеттейді. Ең жарық шоқжұлдыз болып есептеледі. Бұл – біздің қазан айымыз.

Қарашада құс қайтады. Қарашада көктайғақ тұрады. Қарашада қар бекиді. Қыстың зәрі бекіген қарға сынады. Мұнымыз қауыс. Көршілеріміз «Стрелец» деп жүр.

Одан кейін Қамбар туады. Қамбар ата түлігінің күні туады. Жылқы малы осы айда тебінге түседі. Ішті малдың құлыны көлденең түсетін айы осы ай. Көршілеріміз бұл жұлдызды «Козерог» дейді. Біздікілер әлгі дайын Қамбар сөзінен



Сурет ашық жерлердегі алаңда

кәшіп, «Тауешкі» деп, «Ешкімүйіз» деп калық жасап жүр.

Бұл айда қыс әбден күшіне енеді. Арқаның арқа қары аязды күндері басталады. Бұл айымыз желтоқсанға келеді. Айдың басында Қырбастың қызылшұнақ аязы жүреді.

Биылғы бұл аязымыз тұрмысымызға көптеген қолайсыздықтар алып келді. Қар жоқтықтан оның қару лебі айтарлықтай өскен еді. Соған орай үсік шалғандар саны да айтарлықтай өсті.

Бұл айға ұрынғандар құлағын беріп тынған. Содан да «шұнақ» аталған. Айдың атауы атакты Көкбөрі Жарылғаптың баласы, Қанжығалы қарт Бөгенбайдың күйеу баласы Қырбастың есімімен байланысты.

Қырбас та батыр болған адам. Мал ығытымен қырга шығып кетпей ме?! Содан қайтып кеп тұр дейді, екі құлағы қып-қызыл болып домбығып. Ел құлағыңыз дей бергенде, «Е, не болыпты?» деп қамшысымен қақпай ма? Содан құлағы қолына келіп түсіпті.

Қазақ баласы бұл шұнақта ешқашан жолға шықпаған.

Осы айдың аяғында Арқаның шудала-

нып өтетін текебұрқылдағы бар.

Онда киіктер маталып, құжындар бұрқылдайды. «Құжын» деп Арқа казактары қорамтаға (үйірге) бірінші рет түсетін құлжаны айтады. Арқаның көз байлаған бораны осы амалда өтеді.

Орыстың козерогінен кейін водолейі келеді. Бізде «көнек» дейді. Қазак есепшілері осы көнек айында күн мен айдың қоралануын ерекше назарға алады. Күн қораланып жатса, қар қалың болады. Ал, ай қораланса, аяз күшейеді деген сөз.

Көнектің үшінші аптасында аяз күшейеді. Оны есепшілеріміз «қыс шілдесі» деген.

Арқада не аяз тұрады, не боран соғады. Екеуі қатар келмейді.

Одан кейін үтіміз келеді. Батыста оны балықтар деп жүр.


Үттің басында да ақырған аяз тұрады. Одан кейін аязымыз сына береді. Үсік шалатын аяздар болмайды. Борасыны бөрісырақта өтеді. Бұл айдың соңғы аптасында өтеді.

Үшінші айдың екінші жартысында май боран өтеді. Осыдан кейін қысымыз көктемге жол береді. 20.12.2023 ж.

● ЖЕКПЕ-ЖЕК (UFC)

Төл мерекеге тән сыйлық

Тәуелсіздік күніне орай елімізге сонау АҚШ-тың Лас Вегас қаласынан ақжолтай хабар жетті. Қарағандылық жекпе-жек шебері Шавкат Рахмонов UFC турнирінде қарсыласы Стивен Томпсонды уақытынан бұрын жеңді. Шавкат тек жекпе-жекте ғана жеңіп қоймады. Ол өзінің ерге тән мінез-құлқы арқылы шетелдіктерді тәнті етті. Мысалы, америкалық журналист әрі UFC комментаторы Лаура Санко орта салмақтағы біздің батырға ерекше қызығушылық білдіреді. Ол, тіпті, Шавкатқа деген ыстық ықыласын жасырмай ағынан жарылған болатын.



Суреттер ашық жерлердегі алаңда

түспеген «Wonderboy»-ды буындырып тастады, – деді UFC басшысы Дана Уайт.

Ел абыройын асқататып, қазақ батырын бөтен елде мойындатқан Шавкаттың жекпе-жек соңындағы сөзі де қалың елі қазақты сүйсіндірді. Естеріңізге сала кетейік, жекпе-жек күні 17 желтоқсанға ұйымдастырылуы бекер емес-ті. «Еліміздің Желтоқсан оқиғасында қаза тапқан боздақтарының құрметіне жекпе-жекте жеңемін деп сенімді айта аламын», – деген еді Шавкат жекпе-жектен бұрын берген сұхбатында.

Бұған дейін Шавкат сегіз бұрышқа 17 рет шығып, барлығын уақытынан бұрын жеңіспен аяқтаған еді. Атап айтсақ, UFC алаңында Шавкаттан жеңілгендер қатарында бразилиялық Алекс Оливейра, Мишель Празерес, ганандық Карлстон Харрис, америкалық Джефф Нил бар. Стивен Томпсонды жеңген соң батыр елін мерекесімен құттықтады.

– Қазақстанымды осынау төл мерекесімен құттықтаймын. Барша қазақстандықтардың аспаны ашық, заманы бейбіт болсын, – деп атап өтті батыр.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Оның харизмасы, өзіне деген сенімділігі, ерге тән түр әлпеті мені қайран қалдырды. «Nomad» – көшпелі халық дегенді білдірсе керек. Міне, осы лақап атқа толық лайық. Өйткені, оның бойынан дала тағысына тән ерекшелікті байқадым. Жеке басым оған ғашықпын демеймін, алайда, іштей ұнайды, – дейді Лаура Санко.

Бұндай пейілде біздің батырға жанкүйерлік танытқан шетелдіктер қатары баршылық. Мысалы, Шавкаттың жаттықтырушылары мен қасындағы командаластарының айтуынша, оған күніне неше түрлі сыйлықтар мен жеке паракшасына жазбалар түседі. Оның 60 пайызы – шетелдіктерден.

– Расында, тамсанбасқа болмастай болмысы бөлек жігіт дер едім. Жалпы, Шавкаттың мысы басып тұрады. Жаттығуларда, спарингте болсын, ол саған қарсы жүргенде-ақ, жеңілгенді мойындап қоясың. Сұсты көз жанарыммен бір сүзіп өткенде, сасқалақтатып тастайды. Бұны қазақ «мысы басым» деп айтқан ғой, – деп атап өтті қазақстандық жекпе-жек шебері Жұман Жұмабеков.

Ал, шетелдіктердің ойынша, Шавкаттың төбелес өнері өте қызықты әрі аяқталу сәті экш жанрадағы фильм сияқты.

– Шавкат мені әбден шатастырды. Неге десеніздер, әуелден оның әдісі жүдырық пен аяққа жүгіну еді. Бұл жолы Стивен Томпсонға қарсы ол грэпплинг күресін қолданды. Басында қимылын саябырсытып, соңында барлық алаңды тік тұрғызды. Ол бұрын-соңды нокаутқа

● КӨРМЕ

Махаббаттың мәні зор

Әлбетте, әр дәуірдің өз үні бар. Десек те, бүгінгі махаббат идеясын суреттейтін шығармаларды қайдан оқуға болады? Мәңгілік тақырып аясындағы шығармалардың бір парасы Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында бар.

Жақында «Махаббат туралы үздік романдар» деген тақырыпта кітап көрмесі өтті. Көрмеге қойылған туындылардың көш басында Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны, Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» жыры, Ильяс Есенберлиннің «Ғашықтар» романы мен мұндалап тұрды.

Құнды жәдігерлердің арасында Сәуле Досжанның «Мыңжылдық махаббат», Александр Пушкиннің «Евгений Онегин», Решат Нури Гюнтекиннің «Бозторғай», Джен Остеннің «Асқактық пен Адалдық», Магариет Митчелдің «Жел өтіндегі тағдырлар», Джейн Остиннің «Тэкаппар ғашықтар» шығармасы бар. Кітапханашылардың айтуынша, көрмеге

30-дан астам кітап қойылған. – Кітапханада айтулы мерекелер мен белгілі тұлғалардың мерейтойына арналған кітап көрмелері үнемі өтіп тұрады. Былтыр жылдық жұмыс жоспарын бекітерде, еркін тақырыптағы кітап көрмесін ұйымдастыру жайлы бастама көтерілген болатын. Ұжымның бұл ұсынысы бір ауыздан қабылданды. Айына 3 көрме өткізсек, соның біреуі еркін тақырыпқа арналды. Мұның алдында «Аяулы хайуанаттар», «Қатыгездіктің зардабы мен салдары», «Спорт – денсаулық кепілі» атты шаралар өткіздік. Айтпақшы, «Махаббат тақырыбындағы үздік романдар» көрмесін кітапханаға келген студенттер мен оқушылар және ересек оқырмандар зор қызығушылықпен тамашалады. Көрменің бейне нұсқасын әлеуметтік



Желі арқылы 945 оқырман тамашалады. Бұл – жыл ішіндегі ең жоғары рейтинг, – дейді Абай атындағы облыстық кітапхана басшысының орынбасары Қалқатай Қалиева. Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ Суретті түсірген автор

● ДЗЮДО

Елі ерін еске алды

Шет ауданында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сейсенбай Жанасыловты еске алуға арналған дзюдо күресінен жасөспірімдер мен қыздар арасында IX дәстүрлі ашық республикалық турнир өтті.

Биыл 200-ге тарта балуан белдесті. Басында облыстық деңгейде өткен сайыс қазір республикалық додаға айналды. Әр жылы жарысқа Қазақстан, Ауғанстан, Пәкістан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдерінің балуандары қатысып келеді.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Мұхтаров қатысушыларға сәттілік тілеп, демеушілерге алғысын айтты. Марқұмның досы, әріптесі Жолдас Қарашолаков та жылы лебізін білдірді.

Жеміпаздарға турнир демеушілерінің бағалы сыйлықтары, ақшалай жүлделері һәм дипломы табысталды.



● ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Жерлесіміз жеңімпаз

Астана қаласы Ж.Үшкөміров атындағы жекпе-жек сарайында қазақ күресінен «Дала қырандары» республикалық турнирі өтті. Онда кеншілер аймағының намысын қарағандылық Зағфар Марат 82 салмақ дәрежесінде лайықты қорғап, топ жарды.

Ылғи тепсе, темір үзетін сайдың тасындай білекті балуандар белдескен сайыста жерлесіміздің бабы мен бағы қатар шапты. «Дала қыраны» титулымен қоса 4,5 млн. теңгенің сертификатын жеңіп алды.

Турнирде жыл бойы 8 салмақ бойынша рейтингтік жарыстарда жоғары ұпай жинаған 64 балуан бақ сынаған. 82 келі салмақ дәрежесінде күрескен жерлесіміз 8 кездесу өткізіп, барлығында айқын басымдықпен жеңді. Айтулы долада топ жарған балуанды әкесі, қазақ күресінен спорт шебері Қанат Мұхтаров пен ағасы, облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер «Жас сұңқар» спорт мектебінің басшысы Алмас Маратұлы жаттықтырған.

● ХОККЕЙ

Плей-офқа өте ала ма?

Қарағандының «Сарыарқа» хоккей клубы өз алаңында көкшетаулық «Арлан» хоккей клубын қабылдап, екі кездесуінде де жеңісті қолдан берді.

Алғашқы ойында жерлестеріміз 4:6 есебімен есе жіберсе, қарымта кездесуде 1:4 есебімен жеңілді.

Көкшетаулық клуб ел чемпионатының турнир кестесінде 63 ұпаймен көш бастап келе жатқанын айта кеткен жөн. Екінші сатыда «Хумо» және «Номад Астана» клубы тұр. Ал, жерлестер 37 ұпаймен – VIII орында. Өзірге чемпионаттың плей-офф кезеңіне өтуге мүмкіндігі бар.

Ол кезеңге тек сегіз команда жолдама алады. Алда әлі төрт ойын бар. Алда «Хумо» клубын өз жерінде қабылдаса, «Алматымен» сырт алаңда кездеседі.



Дайындаған Жәлеп ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»